

**2013 жылға арналған Сарысу ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 сәуірдегі № 14 -4 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 сәуірінде № 1932 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 27-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 17.04.2014 № 27-2 шешімімен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған**

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 8 тармағына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қаулысының 2 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. 2013 жылға арналған Сарысу ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына келесі әлеуметтік қолдау көрсетілсін:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш сомасында бюджеттік кредит.

2. «2012 жылға арналған Сарысу ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 наурыздағы № 3-7 (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 6-9-136 болып мемлекеттік тіркеуден өткен, «Сарысу» газетінің 2012 жылғы 21 сәуірдегі

№ 35-36 санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау, кәсіпкерлік және ауылшаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Көкебаев Бахыт Керімбайұлына жүктелсін.

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген кезінен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	Аудандық сессиясының	мәслихат төрағасы	Аудандық хатшысы Б. Дондаұлы	мәслихат
С. Абдималиков				